

ДЫБЫСТАР ЖІКТЕЛІСІ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ**SEMANTICS OF THE WORD, FORMED BY SOUND ALTERNATIONS****G.B. SHOYBEKOVA**

Candidate of philological sciences, associate professor professor, shoibekova_gaziza@mail.ru

A.Q. BUDDASILOVA

Master of pedagogical sciences, teacher, KazMemLPU, altinay@mail.ru

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада дыбыстар жіктелісі арқылы жасалған сөздердің семантикасы қарастырылған, Теориялық мәселе мысалдар арқылы дәйектелген. Семантикалық тәсілдің транспозициямен тікелей байланысты екендігі көрсетіледі. Сол арқылы тілдегі сөз таптарының жіктелуіне әсері бары сөз болады. Тілдегі заттану, сын-сапалану, үстеулену, сандану, шылаулану, модальдену т.б. үдерістерінің орындалуы арқылы мағыналық дамуға түсіп, жеке тілдік бірлік ретінде қолданылатыны көрсетілген.

Түйін сөздер: сөзжасам, семантикалық тәсіл, лексика-семантикалық тәсіл, транспозиция, сөз таптары, заттану, сын-сапалану, шылаулану, модальдену

ABSTRACT

The article discusses the attention is directed on history of studying of semantic method of word-formation. The transposition and the features of derivatives formed by the semantic method are considered.

Key words: Word formation, semantic way, transposition, substantivation.

Сөзжасамның семантикалық (конверсиялық) тәсілі – ең көне тәсіл. Себебі конверсияның негізінде, өзегінде мағына жатады. Қазақ тілі – мағыналық құрылымға сүйенген тіл. Сондықтан тілімізде мағыналық жақтан дамыған сөздер көптеп саналады. Транспозицияланған сөздерді семантикалық аспектіден қарастырған дұрыс. Бұл үшін сөз таптарын, оның құрамындағы сөз мағыналарының сәйкестігін салыстырмалы түрде зерттеу қажет.

Сөздердің заттық, сындық, сапалық, сандық, қимыл мағыналарына ауысуы уәждеу негізінде іске асады. Тілдегі сөздердің заттық мағынаға көшуі жайлы түркологтар Н.А.Баскаков, А.Н.Кононов, Н.К.Дмитриев, Э.В.Севортян, Б.М.Юнусалиев, Б.А.Орузбаева айтып өткен болатын. Ескерткіштерді зерттеу барысында ғалымдар есімдер мен етістіктердің тұлғалық жағынан бөлінбегенін байқаған. Сол процесс осы күнге дейін жалғасып келеді. Кейінгі зерттеулер бұл құбылыстың көне ескерткіштер құрамында ғана емес, қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік кездесетіндігін айтып жүр.

Алғашқы кезде адамзаттың тілді қолдануында сөздер ешқандай категорияға тәуелденбеген. Қазақ тілінде мағыналары дамуы нәтижесінде сөздер транспозицияланып, заттану, сын-сапалану, сандану, шылаулану, үстеулену, етістіктену, есімдену процестерін бастан кешіреді. Сөйтіп қазіргі тіл тұрғысынан бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады.

Қазақ тіліндегі сөздерді сөз таптарына бөлудің алғашқы соқпақтарын салған Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский екендігін лингвист ғалым Т.Қордабаев өз мақаласында жазады. Ал қазақтың төл ғалымдарының ішінен морфологиялық құрылым жайлы жазылған еңбектің бастауы – А.Байтұрсыновтың 1920 жылы жазылған “Тіл – құрал” атты оқулығы. Ол сөздерді атауыш сөздер мен шылау сөздер және одағай сөздер деп үш топқа бөледі:

Атауыш сөздерге: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік жатса;

- ✓ Шылау сөздерге: үстеу, демеу, жалғаулық;
- ✓ Одағайға: еліктеуіш, лептеуіш сөздерді жатқызған [1].

Бұл күнде тіл біліміндегі сөз таптары категориясы біршама зерттеліп, толық грамматикалық категория екені айқын болып отыр. Сөздердің бір категориядан екінші категорияға өтуін зерттеудегі аса тиімді жол – семантикалық сөзжасам. Осы категориялардың семантикасы мен қызметі бір арнаға тоғысуы керек. Егер де сөздердің мағынасы заттың, сапаның, қимылдың жеке лексика-грамматикалық категориялардың абстракциялануы, уәждеделуі арқылы пайда болса, ол тілдің дамығандығын көрсетеді.

Қазақ тілінде төс (адамның мүшесі), төс (құрал), төс+е (қимыл атауы), без (адам денесіндегі зат), без (шошыну), без (қашу, зыту), жел (табиғи құбылыс), жел (жүгіру, желу), жел (суықтан болатын ауру) сөздерінің түбір күйінде, омонимдік қатар құрып бір түбір сөздің қимылдық мағынада да, атаулық мағынада да келіп ұғынылатындығын сөзжасам саласын зерттеп жүрген ғалымдар жазып жүр. Көне тілімізде етістік – есім корреляттары молынан кездеседі. Қазіргі біздің тілімізде қолданып жүрген семантикалық тәсілмен дамыған сөздер – сол байырғы, көне ғасырлар жемісі. Бүгінгі тіліміздің жай-күйінде мұндай процесс өте аз жүреді, себебі біздің бүгінгі тіліміз жалғамалылық дәуірінде өмір сүріп жатыр.

Қазіргі қазақ тілінде сындық мағынада қолданылып жүрген *жөн сөзінің транспозицияланып, семантикалық тәсіл арқылы дамуы.*

о~ө, у-ы дыбыстарының алмасуындағы түркілік ерекшеліктер:

Жөн I. 1. Жай, әншейін. Жөн жерге қыз бермейді Балта бабаң, Грубиян әлің үшін бір тамам. Шаңменен, Сәметпенен құда болған, Япыр-ау, Құлжекеңмен біз-ақ жаман (Айтыс). 2. Мән-мәніс, сыр, жағдай. Есітсем үнін, Білсем деп жөнін, Көп іздедім қаңғырып (Абай). 3. Ыңғай, рет, орын. Е, алса несі бар? Бәйгіні Ысқақ емес, мен алатын жөнім емес пе?-деді Ыдырыс жалтаңдап (С. Сейфуллин, Шығ.). 4. Дұрыс, ақиқат, әділ, шын, рас. Бөжей өз ішінен: “Шариғат та жөнге, шынға қарайтын шығар, ақай жоқ, ноқай жоқ, көрінгенге бұйда бере бермес” (М. Әуезов, Танд. шығ.). 5. Кім екендігі, шыққан тегі, аты-жөні, жай-жапсары. Ақсақал, жөніңізді айтыңызшы, кім боласыз?-деді мен өтінген пішінмен (Қазақстан).

Жөн II. Жол, жоралғы, әдет-ғұрып. Жолдан, жөннен сен адасты екен деп, адаса алма алмаймын, ел адаса алмайды (А.Ханкелдин, Қараторғай) [ҚТТС].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген мағыналары шартты түрде қазіргі қазақ тіліндегі мағыналары деп аталады. Шартты дейтін себебіміз, бұл түсіндірме сөздің де шыққанына жарты ғасырдың жүзі болыпты. “Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан” демекші, тіл де осы жылдар ішінде тоқтаусыз даму үстінде болды. Сөйтіп ол мағыналар да тарих қойнауында қалып бара жатыр. Енді көне түркі тіліндегі мағыналарымен салыстырып көрейік:

Јон Способ, манера поведения, яғни жөн, жол, өзін-өзі ұстауы, әдеті [ДТС]. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ тіліндегі жөн II мағыналы сөзбен қатар тұра алады. Қазіргі тіліміздегі жол, жоралғы, әдет-ғұрып мағынасының түп негізі көне түркі тіліндегі *јон* сөзінде жатыр екен. Ал қалған мағыналары тілдің даму барысында семантикалық жолмен пайда болған. Сонымен бірге қазақ тілінде *жөн* сөзі *жосық* сөзімен тіркесіп келіп, *жөн-жосық* түрінде де айтылады. Бұл көне түркі тілінде *јосун* сипатында әдет-ғұрып, заң, ереже мағынасында қолданылған екен [ДТС]. Осыған қарап, тілімізде жалпы мағынасы бірдей, бірақ жазылуы өзгеше болып екі сөзден тіркесіп немесе қосарланып келетін сөздер тобы бар екеніне көз жеткіземіз. Мысал келтірер болсақ, киім-кешек, бала-шаға, жол-жоралғы немесе жөн-жоралғы, түп-тамыры, жөн-жосық, жолдас-жора, жол-жөнекей т.б. Бұл сөздерді семантикалық тәсіл арқылы жасалған деп айта алмаймыз, бірақ реті келіп отырған соң қозғалып отырған сөз. Бірақ бұл

жаңалық емес, ғылымда танылған мәселе. Ал жоғарыда келтірілген *josun* сөзі қазіргі тілімізде тек диалектілік сипатта ғана қолданылады екен:

Жосын. диал. Әдет-ғұрып, салт. Бұрыннан келе жатқан жосынды білмейді екенсің [ҚТТС]. Бұл сөз мағынасының қолданылу аясының тарылғанын көрсетеді. Тілдің даму процесінің бірден-бір өлшемі осы.

Сонымен, *жөн* сөзінің семантикалық дамуында бірінші мағынаны заттық мағына иемденсе, семантикалық тәсіл арқылы дамудың нәтижесінде сындық мағына уақыт шеңберінде пайда болады. Сөйтіп транспозиция нәтижесінде сын есім сөз табының құрамы толығыады. Алғашқы заттық мағына көнеден келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сана, ереже болса, осының негізінде әбден қалыптасқан салт, әдет, ережелер дұрыстық мәнге көшіп, сындық мағынаны тудырады.

Тіліміздегі кей заттардың денотаттық, сигнификаттық мағыналары зат пен олардың сипатының ерекшеліктерімен байланысты. Бұл көне дәуірдегі атау сөздер – өз бойларына заттық ұғыммен бірге сын-сапа ұғымдарын жинаған грамматикалық топ. Осының нәтижесінде *көк* – түс, *көк* – аспан, *көк* – шөп; *қара* – түс, *қара* – қараңғылық, *қара* – зат (алыстан қара көрінді), *қара* – қимыл атауы – көздің қарашығының қызметіне байланысты туындаған мағына т.б. сияқты сөздер сөздік қорымызды молайтуда. *Сарығ* сын есімінің мағынасы *сарғаю*, *сарылу* қимыл мағыналарымен тікелей байланысты. Ұзақ тұрған соң, күткен соң *сарылып*, *сарғаю* семасы пайда болған. Сигнификаттың тууы, қалыптасуы есім тұлғалардың алғаш сөйлем ішінде анықтауыштық қызметке ие болып, соңынан сындық мән алуына негізделеді. Э.В. Севортян сын есімдерді зерттей отырып, олардың екі жолмен жасалатындығын айтқан: 1) зат есімдердің функционалды-семантикалық трансформация жолымен; 2) аффикстер жалғану арқылы.

Жөн, *қара*, *көк*, *сары* секілді туынды сындық мағыналы сөздер ғалымның айтқан функционалды-семантикалық трансформация жолымен немесе тіл білімінде түрліше аталып жүрген семантикалық тәсіл арқылы жасалып, транспозицияланған.

Түркі тілдерінің салыстырмалы морфологиясын зерттеген А.М.Щербак: “В тюркском языке прилагательные не имели особых морфологических показателей и самостоятельное их как самостоятельного лексико-грамматического разряда имен вызывает большие сомнения”, - деп, түркі тілдеріндегі сындық мағыналы сөздердің ерекше морфологиялық көрсеткішке ие бола алмағандығын жазады [2].

Қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеген М.Томанов: “Сын есімдердің грамматикалық класс ретінде қалыптасуы зат есімдермен байланысты құбылыс. Зат есімдер зат жайлы ұғыммен бірге сын, сапа ұғымдарын да бойына жинақтаған грамматикалық класс болды”, – дейді [3]. Ғалымның пікіріне қосыла отырып, түбір сөздердің (түбір зат есімдердің) мағыналарының кеңеюі, жіктеліп, саралануы нәтижесінде мағыналық байланысы бар сөздер тілдің сөздік құрамын бірте-бірте молайтқан дегенін қолдаймыз.

Сын есімнің тарихи табиғаты, сипаты өте қызық. Баға берушілік қабілеті бар, сын-сапаны білдіретін сөздерді адамдар көбірек пайдаланады. Себебі бір затты көргенде немесе бір құбылысты байқағанда адам миына сигнал барып, өзі көріп тұрған зат пен құбылыстың ерекше белгілерін жинақтайды. Ол белгілер сыртқа сөз арқылы шығып, таңбаланады.

Қазіргі тіліміздегі конверсиялық жолмен жасалған сөздердің табиғатын ашуда құрылымдық жақтан қарастыру жеткіліксіз. Бұл тәсілдің айқын сипаты тек семантикалық қырын тануда ғана жүзеге асатын іс. Ал аффиксация тәсілі арқылы пайда болған сын есімдер жайлы конверсиялық тәсілдің сын-сапалану процесін зерттеген Ж.Т.Сарбалаев: “Адъективация тәсілі арқылы сөз жасау, яғни сын есімнің басқа сөз таптарынан ауысып келген сөздер

арқылы толығыуы сын есімнің сөзжасам жүйесінде аффиксация тәсілі пайда болғаннан кейін бәсеңдеген”, – деп жазды [4]. Қазіргі тіліміздегі сын есім жасайтын аффикстердің көп болуы, өнімділігі осының айғағы.

Тіліміздің сөздік қорында сандық мағынаны беретін сөздер ерекше тұрады. Себебі тек сөзбен ғана емес, цифрмен белгіленіп, математиканың да зерттеу нысаны болуында деп ойлаймыз. Қазақ тіліндегі сан есімдер жайлы еңбек арнаған ғалым Ә.Хасенов: “...сандық семантикалы есімдер мен сөз тіркестері, түрік тілдеріндегі негізгі сан атаулары зат есімдерден бөлініп шықты” деген жорамал айтады. Сандық мағынадағы сөздердің мән-жайы, сипаты туралы әр түрлі болжамдар айтылады. Мысалы “Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков” (1986) атты кітапта сандану процесі тек сандық, көлемдік, мөлшерлік ұғымды зат есімдердің қолданылуы деп түсіндіріледі. Сандық мағыналы сөздердің дербес сөз табы болып қалыптасуы жайлы профессор М.Томанов былай деп жазды: “Бір кезде зат пен қимыл, әрекетті білдірген сөздердің кейбірі адам баласының айналадағы дүние жайлы ұғымдарының дифференциациялануына адам ойының интеллектуалдық өсуіне байланысты сан, зат пен құбылыстың сандық мөлшерін, шамасын білдіре бастауы әсте жат құбылыс емес. Екінші жағынан, басқа сөз таптарынан сандық мән алып, сан есімге ауысқан түбірлер тілдің даму барысында өзара бірігу жолымен немесе аффикстер арқылы күрделеніп отырған”. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесін жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырған ғалым Н.Оралбаева жалпы сөзжасамда сан есімнің жасалуында семантикалық тәсілдің бар екендігін жазады. Аталған сөзжасамның тәсілі еңбекте арнайы сөз болмайды.

Сандық атаулар заттық, қимылдық атаулардың макросемаларынан жіктелген. *Ұш ~ үш ~ ұш және үш ~ үш сөздерінің транспозицияланып, семантикалық тәсіл арқылы дамуы.*

у~ұ, у~ү дыбыстарының алмасуындағы түркілік ерекшеліктер:

Үш. Сан. Екіден кейінгі есептік сан [ҚТТС].

“Үш” сандық мағыналы сөздің негізінде қазақ тілінде синтетикалық тәсіл арқылы үшем, үшеу, үшкіл, үшкілсіз, үшкілтім, үштік сынды туынды сөздер пайда болып, сөзжасамдық тізбек құрайды. Көне түркі тілінде “уч” сөзі сандық *үш* мағынасын берген. “Үш” сан есімі тілдің екі сипатында ешқандай мағыналық дамуға түспеген.

М. Қашқари сөздігінде: *Уч 1. Тау ағашы. 2. Заттың ұшы. 3. Бір нәрсенің бітуі, шегі. 4. а) ұшу, ә) өлу, б) жығылу, в) өшу, сөну* мағыналары таралған. *Үш-уч-үч* тұлғаларының мағыналық тығыз байланыста екендігін білеміз. Біздіңше, *үш* сандық мағыналы сөздің алғашқы көне мағынасы *үш* – *заттың ұшы* атаулық мағынасы болған. *Үш* – *уч* – *үч* – *үш* тұлғалары бір-біріне себепші негіз болып мағыналық байланысқа түскен. Мысалы, *үш* саны - *үш нүктенің бірігуінен* пайда болған. М. Қашқари сөздігіндегі *уч - тау ағашы – жоғарыда, үш нүктенің түйіскен жерінде* шыққаны үшін зат атауы болып қалыптасқан. Ал *уч* – *шекаралық аудан – ауыс мағынасында заттың ұшы, шегі, шеті* мағынасының негізінде пайда болған. Уч 4. Бір нәрсенің бітуі, шегі мағынасы Уч 3 семасынан тарап тұр. Уч 5. – *үшу* мағынасы, биікке көтерілу семасымен қоса антонимдік мағына да бар. *Ұшу – ұшып түсу – яғни белгілі бір шекке жетіп құлау.* Мысалы, *мұрттай ұшты –құлады. Жығылу, өлу, өшу, сыну* – мағыналық қырлары осы *ұшып түсу* мағынасынан тарап тұр. Сандық мағынадағы “*үште*” – *үш нүкте түйіседі*, “*үш*” атауында *үш нүкте түйісіп, заттың, нәрсенің шетін, шегін, бір нүктесін* көрсетеді. Демек, “*үш*” сан есімі - *үш нүктенің бірігуі мен “үш” – бір нәрсенің ұшы – бір құбылыстың атауы.* Заттық мағына уақыт өте келе сандық мағынаға ауысқан. Сөйтіп семантикалық тәсіл арқылы бірнеше мағыналы сөздер дамыған. Түрколог, алтаист ғалымдардың пікірінше, бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті сан есімдер өзге сөз таптарынан транспозицияланып, санданған. Диссертацияда семантикалық тәсіл арқылы

дамып, санданған *үш* сөзі талданып отыр. Сонымен, түркі (қазақ) тілдеріндегі сан есімдердің алғашқы бастау көздері – адам танымы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. А., 1991.
2. Щербак А.М. Сравнительная морфология тюркских языков. М., 1948.
3. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. А., 1988.
4. Сарбалаев Ж.Т. Сөзжасам мәселелері. А., 2000.